

Балабақшадағы педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырыстарының хаттамалары
ХАТТАМА №4

Өткізілген күні: 15 мамыр 2026 ж.

Қатысқандар: 7

Комиссия мүшелері: Тайпетова А.Ж.

Күн тәртібі

1. Оқу жылында орын алған әдеп бұзушылықтарды талдау (алдын алу шаралары).
2. Әдеп кеңесінің жылдық жұмыс нәтижесі бойынша қорытынды есеп.
3. Жазғы сауықтыру кезеңінде әдеп ережелерін сақтау бойынша ұсыныстар беру.

Тыңдалды:

1. **Бірінші мәселе бойынша** әдіскер Несипбаева Р.М. - оқу жылы ішінде тіркелген әдеп мәселелері қарастырылып, алдын алу шараларының нәтижелері талданылғаны туралы айтып өтті.
2. **Екінші мәселе бойынша** кеңес хатшысы жылдық жұмыс қорытындысы туралы есеп берді. Әдеп кеңесі өз жұмысын Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңына, ҚР Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген Педагогикалық әдеп қағидаларына және балабақшаның ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес жүргізді.

Оқу жылының басында Әдеп кеңесінің жылдық жұмыс жоспары бекітіліп, құрамы нақтыланды. Жыл бойы жоспарға сай жұмыстар жүргізілді, жоспарлы түрде отырыстар өткізілді. Отырыстарда педагогтердің іскерлік этикетті сақтауы, балалармен және ата-аналармен қарым-қатынас мәдениеті сөз болды.

Ата-аналар қауымдастығы арасында тәрбиешілердің әдеп сақтау деңгейін анықтау мақсатында кері байланыс жұмыстары ұйымдастырылды. Ата-аналар тарапынан педагогтердің кәсібилігі мен сыпайылығына оң баға берілді.


3. **Үшінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Тайпетова Айымгул** жазғы сауықтыру кезеңінде педагогикалық әдепті сақтау жөнінде ұсыныстар айтылды.
Киім үлгісі мәдениеті: Жаздың ыстық күндерінде де педагог өзінің сырт келбетіне мұқият болуы тиіс. Тым ашық, қысқа немесе жағажай стиліндегі киімдерді киюге болмайды. Ыңғайлы, бірақ іскерлік/педагогикалық этикаға сай (мысалы, жеңіл спорттық немесе классикалық еркін стильдегі) киім тандаған жөн.
4. **Серуен кезіндегі кәсібилік:** Балалар далада ойнап жүргенде тәрбиешілер өзара топтасып, жеке әңгіме айтудан немесе ұялы телефонға алаңдаудан аулақ болуы керек. Бұл — кәсіби әдепсіздік қана емес, бала қауіпсіздігіне де тікелей қауіп.
5. **Балалармен қарым-қатынас этикасы:** Ыстық ауа райы балалардың да, ересектердің де жүйке жүйесіне әсер етуі мүмкін. Педагог әрқашан сабырлылық танытып, балаларға дауыс көтермей, әр баланың ерекшелігін ескере отырып, жылы сөйлесуі қажет.
6. **Топтардың бірігуі кезіндегі әдеп:** Жазда тәрбиешілердің демалысы мен бала санының азаюына байланысты топтар біріктіріледі. Тәрбиеші өзге топтан келген балаларға бөтен ретінде қарамай, өз тобының балаларымен тең дәрежеде қамқорлық көрсетуі тиіс.
7. **Ата-аналармен қарым-қатынас жасау бойынша ұсыныстар**

8. **Ақпараттық ашықтық пен сыпайылық:** Жазғы уақытта балабақшадағы өзгерістер (топтардың бірігуі, басқа тәрбиешінің келуі, күн тәртібінің өзгеруі) туралы ата-аналарға алдын ала, сыпайы түрде ескерту қажет. Бұл түсініспеушіліктердің алдын алады.
9. **Жанжалдарды бейбіт шешу:** Ата-аналар тарапынан жазғы жұмыс режиміне немесе баланың тазалығына (мысалы, құммен ойнағаннан кейін) қатысты шағымдар түссе, оны дауыс көтермей, кәсіби этика аясында, дәлелді түрде түсіндіру маңызды.
10. **Әлеуметтік желілердегі әдеп:** Жазғы қызықты сәттерді, сумен ойнаған балаларды суретке/видеоға түсіріп, желіге жүктемес бұрын, ата-аналардың ресми келісімі бар-жоғын тексеру қажет. Баланың ар-намысына тиетін немесе ынғайсыз қалыптағы суреттерді жариялауға мүлдем болмайды.

Шешім

1. Әдеп бұзушылықтарының алдын алу бойынша жұмыстар жалғастырылсын.
2. Кеңестің жылдық есебі қанағаттанарлық деп танылсын.
3. Жазғы кезеңде педагогикалық әдеп талаптарын сақтау барлық қызметкерлерге міндеттелсін.

Төраға:  Несипбаева Р.М.

Хатшы:  Тайжанова Б.Ж.

Педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы:



Несипбаева Р.М.